

Қазақстан Республикасы экология және
табиғи ресурстар министрлігі



«Қазгидромет» РМК

2025 ж. «17-19» мамыр күндеріне арналған

**Қазақстан Республикасының таулы аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел
қауіптілігінің күнделікті бюллетені №10**

(бюллетеньнің қолданылу мерзімі: 2025 жылғы 16 мамыр сағат 20:00-ден 19 мамыр сағат 20:00-ге дейін)

құрастырылған күні: 16.05.2025 ж.

Мекен жайы: Алматы қ., Абай көшесі, 32
Астана қ., Мәңгілік ел,

Сел үдерістерін зерттеу және
селді болжау басқармасының
басшысы:

Яфязова Р.

тел.: 8(727) 267-53-38

e-mail: seli@meteo.kz

Кезекші синоптик:

Сүгірәлі Н.

тел.: 8(7172) 79-83-75

e-mail: ukpp@meteo.kz

2025 жылғы «17-19» мамырға

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Қар жамылғысы 3000 м-ден жоғары биіктікте сақталуда. Ауа температурасының көтерілуіне байланысты қар жамылғысының еруі күшейді. Нөлдік изотерма таңғы сағат 5-те 4233 м биіктікте болды. Орта таулы аймақта топырақтың ылғалдылығы төмендейді, бірақ жоғары болып қалады. 17 мамырда жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 18 мамырда күндіз жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-18 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Іле Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қалыптастырушы факторлардың критерийі орын алған кезде Кіші Алматы және Үлкен Алматы өзендерінің алабы үшін дауылды ескерту берілетін болады. Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз. 19 мамырда жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1-20 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Іле Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қалыптастырушы факторлардың критерийі орын алған кезде Кіші Алматы және Үлкен Алматы өзендерінің алабы үшін дауылды ескерту берілетін болады. Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз.
	Күнгей Алатауы	Қар жамылғысы 3500 м-ден жоғары биіктікте сақталуда. Ауа температурасының көтерілуіне байланысты қар жамылғысының еруі күшейді. 17 мамырда жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 18 мамырда күндіз жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-18 мм), найзағай, бұршақ. Күнгей және Теріскей Алатауында Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз. 19 мамырда жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1-20 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Күнгей және Теріскей Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз.
	Теріскей Алатау	
Жетісу	Жетісу Алатауы	Жетісу Алатауының батыс бөлігінде қар жамылғысы 3000 метрге жуық және одан жоғары биіктіктерде сақталуда, солтүстік бөлігінде - 3500 метрге жуық және одан жоғары биіктіктерде сақталуда, солтүстік-шығыс бөлігінде - 3000 метрден жоғары, ал оңтүстік бөлігінде - 3500 метрге жуық және одан жоғары биіктіктерде сақталуда. Ауа температурасының көтерілуіне байланысты қар жамылғысының еруі күшейді. 17 мамырда жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 18 мамырда күндіз жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-15 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Жетісу Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз. 19 мамырда жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1-18 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Жетісу Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.

Жамбыл	Қырғыз Алатауы	Қар жамылғысы 3000 м-ден жоғары биіктікте сақталуда. Ауа температурасының көтерілуіне байланысты қар жамылғысының еруі күшейді. 17 мамырда күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-3 мм), найзағай, бұршақ. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 18 мамырда күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-6 мм), найзағай, бұршақ. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 19 мамырда жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1-18 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Қырғыз және Талас Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
	Талас Алатауы	
Түркістан	Талас Алатауы	Қар жамылғысы 3000 м-ден жоғары биіктікте сақталуда. Ауа температурасының көтерілуіне байланысты қар жамылғысының еруі күшейді. 17 мамырда жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 18 мамырда жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1-15 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Талас Алатауында және Өгем жотасы қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз. 19 мамырда түнде жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Өгем жотасы	
Маңғыстау	Маңғыстау таулары	17 мамырда кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 18 мамырда жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 19 мамырда күндіз жаңбыр (1-2 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Абай	Тарбағатай	Қар жамылғысы 2500 м-ден жоғары биіктікте сақталуда. Ауа температурасының көтерілуіне байланысты қар жамылғысының еруі күшейді. 17 мамырда жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 18 мамырда жаңбыр (1-3 мм), найзағай, күндіз бұршақ. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 19 мамырда жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1-15 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Тарбағатайда қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
Шығыс Қазақстан	Сауыр	Қар жамылғысы 3000 м-ге жуық және одан жоғары биіктіктерде сақталуда. Ауа температурасының көтерілуіне байланысты қар жамылғысының еруі күшейді. 17 мамырда жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 18 мамырда күндіз жаңбыр (1-5 мм), найзағай, күндіз бұршақ. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 19 мамырда жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1-18 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Сауыр тауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
	Қазақстандық Алтай	

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі (1 Қосымша)

!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (2 Қосымша)

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Селдің қалыптасу ықтималдығы	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 30 мм (өте қатты жаңбыр) және нақты жауған сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 40 мм	Сұйық жауын-шашынның өте қатты жауу ықтималдығы және ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның нақты жаууы (≥ 40 мм)	Халық пен шаруашылық нысандары үшін үлкен қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның (≥ 40 мм) жауу ықтималдығы	Халық пен шаруашылық объектілері үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының салыстырмалы түрде төмен мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның (≥ 40 мм) жауу ықтималдығы	Төмен таулы аймақта селдің пайда болу аймағында адамдар үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдарына және халыққа хабарлау.
	Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның болмауы.	Селдің қалыптасу жағдайлары жоқ	Қауіптілік жоқ	Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу

Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

Тауларға бару және онда болу жоспарланғанда, ауа райының өзгерістерін және дауылды ескертулерді бақылау қажет. Сел қауіпі туындаған жағдайда, сел қауіпі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау керек. Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін (әсіресе арнаның бұрылыстарында), ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел ағынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

Қатты жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

- ✓ Өзен арнасына (жайылмасына), құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.

2025 жылғы «17» мамырға
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы

Іле Алатау	Жауын-шашынсыз. Оңтүстік-батыстан жел соғады 9-14, күндіз кей жерлерде екпіні 18 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 12-17, күндіз 20-25 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 15-20 градус жылы.
Күнгей Алатау	Жауын-шашынсыз. Оңтүстік-батыстан жел соғады 9-14, күндіз кей жерлерде екпіні 18 м/с. Ауа температурасы түнде 12-17, күндіз 24-29 градус жылы.
Теріскей Алатау	Жауын-шашынсыз. Оңтүстік-батыстан жел соғады 9-14, күндіз кей жерлерде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 9-14, күндіз 23-28 градус жылы.
Жетісу Алатау	Жауын-шашынсыз. Оңтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 20-25 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 17-22 градус жылы.
Қырғыз Алатау	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-3 мм), найзағай, бұршақ. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, таңертең және күндіз кей жерлерде 15-20, екпіні 23 м/с. Ауа температурасы түнде 11-16, күндіз 30-35 градус жылы.
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-3 мм), найзағай, бұршақ. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, таңертең және күндіз кей жерлерде 15-20, екпіні 23 м/с. Ауа температурасы түнде 11-16, күндіз 30-35 градус жылы.
Талас Алатау (Түркістан облысы)	Жауын-шашынсыз болады. Оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа жел соғады, күші 8-13, екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 11-16, күндіз 23-28 градус жылы.
Өгем жотасы	Жауын-шашынсыз болады. Оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа ауысатын жел соғады, күші 8-13, екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 14-19, күндіз 23-28 градус жылы.
Маңғыстау таулары	Кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жел солтүстік-шығыстан, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 12-17, күндіз 24-29 градус жылы.
Сауыр	Жауын-шашынсыз. Оңтүстік-шығыстан соғатын жел оңтүстік-батысқа ауысады, күші 7-12 м/с. Ауа температурасы түнде 12-17, кей жерлерде 7 жылы, күндіз 25-30, кей жерлерде 16 градус жылы.
Тарбағатай	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-шығыстан соғатын жел оңтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 15-20, кей жерлерде 23 градус жылы, күндіз қатты ыстық 32-37 градус.
Қазақстандық Алтай	Жауын-шашынсыз. Оңтүстік-шығыстан соғатын жел оңтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, кей жерлерде 8, күндіз 28-33, кей жерлерде 23 градус жылы.

2025 жылғы "18-19" мамырға арналған
ҚР таулы аумағы бойынша консультативтік болжам

Алматы: 18 мамырда күндіз жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-18 мм), найзағай, бұршақ, дауыл 19 мамырда жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1-20 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Ауа температурасы 18 мамырда түнде 10-15 градус жылы, күндіз 15-20 градус жылы, 19 мамырда түнде 5-10 градус жылы, күндіз 10-15 градус жылы.

Жетісу: 18 мамырда күндіз жаңбыр, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-15 мм), найзағай, бұршақ, дауыл, 19 мамырда жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1-18 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Ауа температурасы 18 мамырда түнде 10-15 градус жылы, күндіз 15-20 градус жылы, 19 мамырда түнде 7-12 градус жылы, күндіз 12-17 градус жылы.

Жамбыл: 18 мамырда жаңбыр (1-6 мм), найзағай, бұршақ, дауыл, 19 мамырда жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1-18 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Ауа температурасы 18 мамырда түнде 12-17 градус жылы, күндіз 20-25 градус жылы, 19 мамырда түнде 10-15 градус жылы, күндіз 18-23 градус жылы.

Түркістан: 18 мамырда жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1-15 мм), найзағай, бұршақ, дауыл, 19 мамырда түнде жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Ауа температурасы 18 мамырда түнде 10-15 градус жылы, күндіз 18-23 градус жылы, 19 мамырда түнде 7-12 градус жылы, күндіз 19-24 градус жылы.

Маңғыстау: 18 мамырда жауын-шашынсыз, 19 мамырда күндіз жаңбыр (1-2 мм), найзағай. Ауа температурасы 18-19 мамырда түнде 10-15 градус жылы, күндіз 18-23 градус жылы.

Абай: 18 мамырда жаңбыр (1-3 мм), найзағай, күндіз бұршақ. 19 мамырда жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1-15 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Ауа температурасы 18 мамырда түнде 17-22 градус жылы, күндіз 28-33 градус жылы, 19 мамырда түнде және күндіз 13-18 градус жылы.

Шығыс Қазақстан: 18 мамырда күндіз жаңбыр (1-5 мм), найзағай, күндіз бұршақ. 19 мамырда жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1-18 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Ауа температурасы 18 мамырда түнде 15-20 градус жылы, күндіз 27-32 градус жылы, 19 мамырда түнде және күндіз 13-18 градус жылы.